

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР  
ДСМ - 143/2020 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2020  
жылғы 22 қазанда № 21475 болып  
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

## Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер тізбесін бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 216-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**  
**Денсаулық сақтау министрі**

**А. Цой**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 20 қазаны  
№ ҚР ДСМ - 143/2020  
бұйрығына қосымша

**Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін)  
трансплантаттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер тізбесін**

**Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін)  
трансплантаттау (имплантаттау) үшін көрсетілімдер**

1. Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттау (имплантаттау) үшін көрсетілімдер:

- 1) созылмалы ағза жетіспеушілігінің шеткі сатысы;
- 2) дәрі-дәрмектік терапияның тиімсіздігі, сондай-ақ өзге де хирургиялық емдеу тәсілдерін жүргізуге мүмкіндіктің болмауы;
- 3) трансплантаттау емшарасына дейінгі жоғары өлім қаупі;
- 4) жеке органның функцияларын қалпына келтірілгенге дейінгі өмірді бір қалыпта ұстау;
- 5) трансплантаттауға қарсы көрсетілімдер болған жағдайда донорлық ағзаны (ағзаның бөлігін) трансплантаттаудың баламасы ретінде ұзақ қолдану;
- 6) донорлық ағзалардың жетіспеушілігі кезінде, донорлық ағзаны трансплантаттауды қажет ететін жай-күйі;
- 7) ремиссияға қол жеткізу үшін жасанды ағзаны (ағза бөлігін) трансплантаттаудың (имплантацияның) болжалды тиімділігі.

**Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін)  
трансплантаттау (имплантаттау) үшін қарсы көрсетілімдер**

2. Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) трансплантаттауды (имплантаттауды) жүргізуге жол бермейтін толық қарсы көрсетілімдер:

- 1) АИТВ;

2) туберкулез;

3) онкологиялық аурулар (ойдағыдай операция жасалынғаннан кейін кемінде 5 жылдан кейін имплантаттау жасалуы мүмкін);

4) қалпына келмейтін көп ағзалы жетіспеушілік;

5) есірткіге тәуелділік;

6) алкогольдік тәуелділік;

7) одан әрі терапия жүргізу қағидасын сақтаудан бас тарту.

3. Салыстырмалы қарсы көрсетілімдер:

1) кемінде 2 жыл болжалды өмір сүру ұзақтылығы бар қосарлас аурулар;

2) терминалды қосалқы ауыр патология;

3) белсенді фазадағы жүйелі аурулар;

4) өршіп кету сатысындағы созылмалы аурулар;

5) жіті жұқпалы аурулар;

6) қант диабеті;

7) донорлық ағзаны (ағзаның бөлігін) трансплантаттауға қолда бар қарсы көрсетілімдер;

8) перифериялық тамырлар аурулары

9) ми қанайналымының жіті бұзылуының (бұдан әрі - МҚЖБ) ашық көрінісінің салдары, алдыңғы 6 айда ауырған МҚЖБ;

10) ауыр неврологиялық және (немесе) жүйке-бұлшықет бұзылыстары;

11) дәрігердің кеңесін сақтау мүмкін емес жағымсыз тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары;

12) психикалық аурулар.